

Уәкілетті ұйымның әлеуметтік жеке код беру тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 1342. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30. N 352 (2010 жылғы 13 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда, мәтінде "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықта", "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа" деген сөздер тиісінше "уәкілетті ұйымның", "уәкілетті ұйымға" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының азаматтарына уәкілетті ұйымның әлеуметтік жеке код беру тәртібі бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу жөніндегі құжаттардың нысандарын, оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлесін және оларды белгіленген тәртіппен бекітсін;

заңды тұлға құрусыз кәсіпкерлік және өзге қызметпен айналысушы заңды және жеке тұлғалардың арасында әлеуметтік жеке код беру мәселелері бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуді ұйымдастырсын;

уәкілетті ұйымға оларға әлеуметтік жеке код беру үшін зейнеткерлер туралы мәліметтердің берілуін қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері уәкілетті ұйымға заңды тұлға құрусыз кәсіпкерлік және өзге қызметпен айналысушы заңды және жеке тұлғалардың, жұмыс істейтін азаматтар туралы белгіленген нысанға сәйкес мәліметтерді беру кестесін белгілесін және оның орындалуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 16 қыркүйектегі
N 1342 қаулысымен
бекітілген

Уәкілетті ұйымның әлеуметтік жеке код беру тәртібі

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда, бүкіл мәтін бойынша "Зейнетақылық орталық", "Зейнетақы орталығынан", "Зейнетақы орталығына", "Зейнетақы орталығы", "Зейнетақы орталығының", "Зейнетақы орталығында" деген сөздер тиісінше "Орталық", "Орталықтан", "Орталыққа", "Орталықтың", "Орталықта" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.21 N 376 Қаулысымен.

Ескерту. бүкіл мәтін бойынша "жеке басын куәландыратын құжаттың түрі", "ұсынып отырған құжатына", "жеке басын куәландыратын құжатты", "жеке басын куәландыратын ұсынылған құжатқа", "жеке басын куәландыратын құжаттың" деген сөздерден кейін тиісінше "немесе оралманның куәлігі", "немесе оралманның куәлігіне", "немесе оралманның куәлігін", "немесе оралманның куәлігіне", "немесе оралманның куәлігінің" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.05.30 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

I. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіпте мынадай ұғымдар пайдаланылады:
уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны және оның құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен олардың бөлімшелері);

әлеуметтік жеке код (ӘЖК) - азаматқа, сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес зейнетақымен қамсыздандырылу құқығы таралатын адамдарға берілетін тұрақты жеке код;

алушы - жеке адам, оның пайдасына зейнетақы жарналары жүргізіледі және жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдері жүзеге асырылады және/немесе оған Орталықтан зейнетақы төлемдері тағайындалады;

ӘЖК беру туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) - азаматтарға Орталық беретін, ӘЖК-нің берілгендігін растайтын құжат.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

2. Әлеуметтік жеке код:
әрбір азамат бойынша жеке шоттарда жинақталған қаражат пен оның санына
е с е п ж ү р г і з у ;

алушыларға есеп жүргізу үшін ақпараттық база құру;
міндетті, ерікті және ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының түсімдерін,
сондай-ақ міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіндегі міндетті әлеуметтік
а у д а р ы м д а р д ы е с е п к е а л у ;
жинақтаушы зейнетақы қорларында жеке зейнетақы шоттарының есебін алу;
әрбір алушыға оның жеке зейнетақы шотына бақылау жасау мүмкіншілігін
қ а м т а м а с ы з е т у ;
зейнетақы және әлеуметтік төлемдерін есеп алу үшін пайдаланылуы тиіс.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

II. Әлеуметтік жеке кодты берудің тәртібі

3. Орталық ӘЖК-ні беруді жүзеге асыратын ұйым болып табылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

4. ӘЖК беру үшін азаматтар Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінде белгіленген нысандағы тіркеу кәртiшкелерін толтырады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

5. Тіркеу кәртiшкесінде мынадай мәліметтер болады:

1) Ә Ж К ;

2) тіркеу кезіндегі тегі, аты, әкесінің аты;

3) ж ы н ы с ы ;

4) т у ғ а н к ү н і ;

5) т у ғ а н ж е р і ;

6) т ұ р а т ы н м е к е н - ж а й ы ;

7) т е л е ф о н н ө м і р і ;

8) жеке басын куәландыратын құжаттың түрі немесе оралманның куәлігі (16 жасқа толмаған азаматтар үшін тууы туралы куәлігі, жеке басының куәлігі немесе Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға рұқсаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі) немесе оралманның куәлігі сериясы, нөмірі, күні, берілген жері, кім бергені;

9) жеке тұлғаның СТН - і ;

10) өзіне тіркеу кәртiшкесі толтырылған адамның қолы;

11) кәртiшкенің толтырылу дұрыстығын тексерген Орталық маманының қолы;

12) (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

13) (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

14) толтырылған күні.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21 N 376 , 2008.05.30 N 524 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

6. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

7. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес Орталық алушыға ӘЖК береді, алушыға есеп кәртiшкесiн ашады және Әлеуметтік жеке код беру туралы куәлікті ресiмдейдi (бұдан әрi - куәлік).

8. Қажет болған жағдайда Орталық ӘЖК беру үшін белгіленген нысанда қажетті мәліметтерді нақтылау туралы сұрау салуды ресiмдей алады.

9. Орталық куәлікті алғандығына қолын қойған азаматтарға арнаулы бланкілердегі куәліктерді тегін береді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

10. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 10-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

11. Егер куәлікте әлдебір мәліметтер күмәнді болса, онда алушының жазбаша өтініші бойынша Орталық тиісті өзгерістер енгізеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

12. Орталық есеп кәртiшкесiне куәліктің берiлу фактiсiне белгi жасайды, өзгерістер енгізілген жағдайда нақтыланған мәліметтерді ескере отырып, куәлікті қ а й т а р е с i м д е й д i .

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

13. Әлеуметтік жеке код беру туралы куәлікте мынадай мәліметтер болады:

1) Ә Ж К ;

2) ӘЖК алу кезіндегі тегі, аты, әкесінің аты;

2-1) тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, жеке басын куәландыратын, ұсынып отырған құжатына немесе оралманның куәлігіне сәйкес тегі, аты, ә к е с і н і ң а т ы ;

3) т у ғ а н к ү н і ;

4) куәлікті берген құрылымдық бөлімшенің атауы;

5) т і р к е л г е н к ү н і ;

6) куәліктің берілген күні.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376

қ а у л ы с ы м е н .

14. Куәлік алушыда сақталады.

15. Куәлік жеке басын куәландыратын құжатты немесе оралманның куәлігін ұсынуы кезінде ғана күшке ие.

16. Куәлігін жоғалтып алған жағдайда, алушы оны қайта қалпына келтіру туралы өтінішпен Орталыққа немесе оның аумақтық органдарына өтініш жасауға құқығы бар. Орталық (оның аумақтық органдары) алушының куәлігін жоғалтып алғаны туралы алушының өтініші бойынша, өзіне ашылған есеп кәртiшкесiнiң негiзiнде оған аталған куәліктің дубликатын береді. Бұл мәселені шешу үшін, Орталық алушыдан оның жеке басын куәландыратын қосымша ақпаратты және оның есеп кәртiшкесiндегi мәліметтерді талап ете алады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

17. Куәлік :
тегі, аты, әкесінің аты өзгерген;
мәліметтердің дәл еместігі немесе қате екендігі анықталған;
пайдалануға жарамсыз болған жағдайларда жеке басын куәландыратын ұсынылған құжатқа немесе оралманның куәлігіне сәйкес сол бұрынғы ӘЖК нөмірімен екінші қайтара беріледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

17-1. Туған күні өзгерген жағдайларда куәлік жаңадан беріледі.

Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

18. Тіркеу кәртiшкесiнiң негiзiнде Орталық алушыға есеп кәртiшкесiн ашады.

19. Есеп кәртiшкесiнде мынадай мәліметтер болады:

- 1) Ә Ж К ;
- 2) тіркеу кәртiшкесi бойынша тегі, аты, әкесiнiң аты;
- 3) тегі, аты, әкесiнiң аты (олар өзгерген жағдайда);
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың немесе оралманның куәлігiнiң сериясы және берілген күні;
- 5) туған күні ;
- 6) туған жері ;
- 7) жынысы ;
- 8) тұрақты мекен-жайы ;
- 9) азаматтығы ;
- 10) Орталықтан және жинақтаушы зейнетақы қорларынан есептелген

зейнетақы төлемдердің сомасы;

11) алушының жинақтаушы зейнетақы қоры туралы мәліметтері (жинақтаушы зейнетақы қорының нөмірі, атауы және банктік реквизиттері, жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған шарттың нөмірі және датасы, зейнетақы шотының нөмірі, жинақтаушы зейнетақы қорынан есептелген зейнетақы төлемдерінің сомасы) ;

12) зейнетақы ісінің нөмірі (зейнеткер үшін);

13) жеке шотының нөмірі және алушының банкінің реквизиттері (зейнеткерлер үшін) ;

14) зейнетақы тағайындау, өзгерту, индекстеу және есептеу туралы мәліметтер .

Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

20. Есепке алу кәртiшкесi Орталықта үш жыл бойы сақталады.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.04.21. N 376 қаулысымен.

21. Есеп кәртiшкесіндегi мәліметтер заңдарда белгіленген жағдайлардан басқа ретте жария етуге жатпайды.

22. Есеп кәртiшкесіндегi мәліметтердi жария етуге жол берген адамдар заңдарға сәйкес жауаптылықта болады.